

## Мемлекеттік органдардың басшылары мен басқа қызметкерлері санының нормативтері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 6 қазандағы N 1010. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.01. N 870 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 870 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару құрылымын одан әрі ұтымды ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік органдардың басшылары мен басқа қызметкерлері санының нормативтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және басқа орталық атқарушы органдардың басшылары:

бір ай мерзімде қосымшада көзделген басшы және басқа қызметкерлер санының нормативтерін сақтай отырып, белгіленген сан шегінде аппараттың штаттық кестесін бекітсін.

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 Р971551\_ қаулысының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 6 қазандағы  
N 1010 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және орталық мемлекеттік органдары орталық аппаратының басшы және басқа қызметкерлері санының

**Н О Р М А Т И В Т Е Р І**

---

1. Құрылымдық бөлімшелер мынадай сандық құрамда құрылады (бөлімшелердің басшыларын қоса алғанда):

Сектор	саны кем дегенде 3 адам болғанда
Бөлім	саны кем дегенде 4 адам болғанда
Басқарма	саны кем дегенде 10 адам болғанда
Департамент	саны кем дегенде 20 адам болғанда (бас мамандардың саны мамандардың санының 80%-нен артық емес)

2. Құрылымдық бөлімшелер басшылары орынбасарларының қызметі енгізіледі:

Бөлім бастығының орынбасары	болғанда бөлімде (бөлім бастығын қоса алғанда) кем дегенде 7 адам
Басқарма бастығының орынбасары	басқармада (басқарма бастығын қоса алғанда) кем дегенде 10 адам болғанда Басқарма бастығы орынбасарының қосымша лауазымы - әрбір келесі 10 адамға
Департамент директорының орынбасары	департаментте (бастықты қоса алғанда) кем дегенде 20 адам болғанда Департамент директоры орынбасарының қосымша лауазымы - әрбір келесі 20 адамға